

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы
Послание Президента Республики Казахстан

# Жолдау – тұрақтылық пен өркендеу кепілі

Бүгін Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті ретінде тұңғыш рет Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Дәстүрлі Жолдауларда ішкі саясаттың, мемлекеттік институттарын нығайтудың, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, экономиканы жаңғыртудың, халықты әлеуметтік қамтамасыз етудің негізгі мәселелері белгіленді.

Жолдауда экономиканың негізгі бағыттарын дамытуға басымдық бере отырып, соның ішінде ауыл шаруашылығының түрлі салаларына назар аударылды. Сондай-ақ, әлеуметтік салаларды дамытуға, білім беруге, денсаулық сақтауға, спортқа және халықты әлеуметтік қорғауға қатысты мәселелер қамтылды.

Бізге, мәдениет саласында жұмыс істейтін азаматтарға, Президенттің жеткілікті түрде көңіл бөлгені қатты қуантып тастады. Өз басым, Қ.К. Тоқаевтың Жолдауы жалпы қоғам үшін еліміздің алдағы кезеңге арналған даму мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын бағдар болады деп сенемін.

**Д.Б. Бейсенова**
**Кітапханалық процестерді автоматтандыру секторының басшысы**